

# NUFYР бағдарламасы студенттерінің ата-аналарына арналған ақпарат

---

**Құрметті ата-аналар,**

Назарбаев Университетінің студенттер қауымдастығына қош келдіңіз! Біз сіздің балаларыңызды асыға күтеміз. Келесі оқу жылы сіздің балаларыңыз үшін маңызды өзгерістер кезеңі болады және осы тәжірибенің арқасында олар өздерінің жеке және зияткерлік қасиеттерін дамыта алады. Біздің міндетіміз – университетте оқу кезеңінде тиімді қолдау көрсету.

Университетке дейінгі дайындық бағдарламасында (NUFYР) мен барлық студенттерге оқу кезінде қолдау көрсету үшін оқытушылармен және студенттермен тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Біз студенттерге жаңа ортаға бейімделу барысында сындарлы ойлауға және өмір салтын қалыптастыруға көмектесуге дайынбыз. Сонымен қатар, оқу бағдарламасына енгізілген «Жеке өсу модулі» (PDM) курсы студенттерге дайындық бағдарламасында, бакалавриат бағдарламасында да оқуға қажетті білім мен дағдыларға ие болуға көмектеседі.

Біз ата-аналардың Назарбаев Университетінде студенттерге білім алуына оң негіз жасауға көмектесе отырып, маңызды рөл атқаратындығымен келісеміз. Бұл құжат университетті қолдау жүйесімен, пайдалы кеңестермен, маңызды ақпаратпен және даталармен танысу мақсатында әзірленген. Оқу процесіне академиялық және әлеуметтік бейімделу ата-ана үшін де, бала үшін де қиын болуы мүмкін, сондықтан біз тиімді қарым-қатынас арқылы процесті жеңілдетуге көмектесе аламыз деп үміттенеміз.

Құрметпен,

Rachel Niklas,



# NUFYP-те бірінші семестр басталғанға дейін

---

## Өзіңмен бірге не әкелуге болады?

- Жатақханадағы әрбір бөлме барлық қажетті заттармен жабдықталған: жиһаз, төсек-орын жиынтығы, сүлгілер, кереует. Сондай-ақ жатақханада тостер, шайнек, толқынды пеш, тоңазытқыш және үтік сияқты заттармен жабдықталған ортақ пайдаланылатын ас бөлме бар. «Назарбаев Университеті» жатақханаларында тұру ережелеріне сәйкес қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында өздеріңізбен бірге электр құрылғыларын әкелуге тыйым салынады.

Шабаданды жинау кезінде ескерілетін кейбір пайдалы кеңестер:

- Нұр-Сұлтанда ауа райы өте құбылмалы, ал қыс мезгілінде күндер өте суық, сондықтан жылы киім мен аяқ киім алуды ұмытпаңыз.
- Егер үстел шамы немесе кілем сияқты бөлмеде пайдалануға арналған кейбір заттарды сатып алғыңыз келсе, оларды Нұр-Сұлтанның дүкендерінен сатып алуға немесе үйден әкелуге болады.
- Сіз үйден өзіңіз жеке пайдаланатын ұсақ заттарды, мысалы кесе әкеле аласыз.
- Қажет болуы мүмкін дәрі-дәрмекті өзіңізбен алуды ұмытпаңыз.
- Стипендияны алғанға дейін ақша қаражатының жеткілікті болатынына көз жеткізіңіз.

## Үйден жатақханаға көшу

---

Үйден жатақханаға көшу студенттер үшін күрделі үдеріс болуы мүмкін. Ата-аналар балаларымен мынадай мәселелерді алдын ала талқылап, осы үдерісті жеңілдете алады:

- Бөлмедегі көршілерімен жақсы қарым-қатынасты қалай сақтауға болады
- Жанжалды болдырмау
- Уақытты дұрыс пайдалану (уақытымен тұру және т.б.)
- Өз-өзіңе міндеттер жүктеу (тамақ пісіру, үй жинау, кір жуу және т.б.).
- Уақытымен ұйықтау, денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану.

Студенттер достарының, туыстарының алдында мақтанышқа кенелу үшін өзінің оқу үлгерімін жоғарылатуға үнемі ұмтылысымен қысымға шыдап жүруі мүмкін. Кейде бұл студенттердің оқудағы жетістіктерін, әсіресе үміті ақталмаған нәтижелерін талқылауға зауқы болмауынан білінеді. NUFYP бағдарламасының студенттері үшін негізгі

міндеттердің бірі университет студенттерінің оқудағы дербестігі мен жауапкершілігін қалыптастыру болып табылады. Студенттер өзінің оқудағы нәтижелері жайлы отбасы мүшелеріне міндетті түрде айтып отыруы керек. Төменде академиялық күнтізбе және негізгі атаулы күндер көрсетілген, оларға сәйкес ата-аналар академиялық жылдың маңызды күндері туралы алдын ала ақпарат алады.

# Академиялық күнтізбе

<b>Күзгі семестр 2019</b>	
Жатақханаға орналасу және Студенттік істер жөніндегі департаменттің бейімдеу бағдарламасы	5/6 тамыз, 2019
Мереке: Құрбан айт	11 тамыз, 2019
NUFYР бейімдеу бағдарламасының басталуы*	12 тамыз, 2019
Тіркеудің соңғы күні	16 тамыз, 2019
Сабақтың басталуы	19 тамыз, 2019
Мереке: Конституция күні	30 тамыз, 2019
Күзгі демалыс *	30 қыркүйек - 4 қазан, 2019
Көктемгі семестрге тіркелу *	қараша, 2019
Сабақтың соңғы күні *	29 қараша, 2019
Мереке: Тұңғыш Президент күні	1 желтоқсан, 2019
Емтихан мерзімі	3-9 желтоқсан, 2019
Жатақханадан шығу *	11 желтоқсан, 2019
Мереке: Тәуелсіздік күні	16-17 желтоқсан, 2019
Студенттер үшін қолжетімді бағалар*	18 желтоқсан, 2019
<b>Көктемгі семестр 2020</b>	
Жатақханаға орналасу	10 қаңтар, 2020
Сабақтың басталуы *	13 қаңтар, 2020
Мереке: Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз, 2020
Көктемгі демалыс*	23-27 наурыз, 2020
Сабақтың соңғы күні *	24 сәуір, 2020
Дайындық аптасы	27-30 сәуір, 2020
Мереке: Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр, 2020
Емтихан мерзімі	4-13 мамыр, 2020
Мереке: Отан қорғаушылар күні	7 мамыр, 2020
Мереке: Жеңіс күні	9 мамыр, 2020
Жатақханадан шығу *	15 мамыр, 2020
Ресми оқу бітіру күні	15 мамыр, 2020
Бағалар студенттер үшін қолжетімді, Бакалавриат бағдарламасына ауысу	маусым 2020
Күзгі семестрге тіркелу	шілде - тамыз 2020

# Бағдарламаға шолу

NUFYP бағдарламасы бакалавриат бағдарламасының жалпы оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалған және студенттерге одан әрі үздік оқу үшін дайындалуға көмектеседі. Оқу бағдарламасы студенттерге жан-жақты дағдылар мен білім алуға көмектеседі және сондықтан оқу топтары бағыттарға бөлінбейді.

Оқу жылында барлық студенттер академиялық мақсаттардағы ағылшын тілін (EAP) және математиканы оқиды. Сонымен қатар студенттер оқу жылының ішінде таңдауы бойынша 4 пәнді, әр семестрде 2 пәнді оқиды. Таңдауға пәндер: физика, биология, химия, гуманитарлық ғылымдар, бизнес және әлеуметтік-экономикалық география

## Семестрге шолу

### Бірінші семестр:

Пән	Аптасына оқу сағаттарының саны
Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі (EAP)	Оқу және жазу: 6 сағат Аудирлеу және ауызша дағдылар: 3 сағат
Математика: талдаудың басталуы	4 сағат
Таңдау бойынша ұсынылғандардан 2 пән: физика, биология, химия, әлеуметтік ғылымдар, бизнес және/немесе әлеуметтік-экономикалық география	Әрбір таңдау бойынша пән: 2 сағат
«Жеке даму» модулі (PDM)	1 сағат онлайн, 1 сағат сыныпта

### Екінші семестр:

Пән	Аптасына оқу сағаттарының саны
Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі (EAP)	Оқу және жазу: 5 сағат Аудирлеу және ауызша дағдылар: 3 сағат
Математика: талдаудың басталуы	4 сағат
Таңдау бойынша ұсынылғандардан 2 пән: физика, биология, химия, әлеуметтік ғылымдар, бизнес және/немесе әлеуметтік-экономикалық география	Әрбір таңдау бойынша пән: 2 сағат
«Жеке даму» модулі (PDM)	1 сағат онлайн, 1 сағат сыныпта

### \*Назар аударыңыз:

- Таңдау бойынша пәнді бір рет қана таңдауға болады. Жыл бойы студент таңдау бойынша 4 әртүрлі пәнді оқуға тиіс.

- Университетте студенттерден сабақтан басқа, өзіндік жұмыс пен зерттеу жұмыстарына бір немесе одан да көп сағаттық жүктеме талап етіледі.

## NUFYР студенттерге қандай қолдау көрсетеді?

---

- **Жеке тьютор:** Жыл бойы әрбір студентке академиялық мақсаттағы ағылшын тілінің оқытушысы тағайындалады. Осы мұғалім «жеке тьютор» болып табылады, әр апта сайын студентпен жеке кездеседі.
- **Академиялық қолдау:** Рейчел Никлас мұғалімдермен бірге NUFYP-тегі оқу процесіне байланысты қиын жағдайға тап болған студенттерге көмектеседі. Рейчел студентке академиялық пән бойынша қажетті қосымша қолдау алуға көмектеседі, сондай-ақ оқу процесіне әсер ететін жеке мәселелермен айналысады. Сондай-ақ студенттер НУ мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауысу туралы кез келген мәселелерді талқылау үшін Рейчелмен кездесуді жоспарлауы мүмкін.
- **Алаңдауға себеп болатын негіздер** – қиындыққа тап болған студенттерді анықтауға көмектесетін жүйе. Рейчел Никлас әрбір студентпен жеке кездеседі. Ол және оқытушылар студентке қалай көмектесетінін шешеді. Қажет болған жағдайда нақты мәселелерді шешу үшін жоспар жасалуы мүмкін. Барлық кездесулер жеке өтеді.
- **Студенттік өмір** - Қаламқас Сағадиева, Студенттік істер жөніндегі департаменттің маманы, ол да студенттерге жатақхана, стипендия, тамақтану, студенттік клубтар және т.б. сияқты, студенттік өмірдің әртүрлі мәселелері бойынша көмектеседі.  
kalamkas.sagadiyeva@nu.edu.kz      +7 7172 69 2738
- **«Жеке даму» модулі** – міндетті түрде өткізілетін курс, студенттерге тиімді оқу дағдылары мен жеке қасиеттерін дамытуға, студенттік өмірге бейімделуіне көмектеседі.
- Психологиялық қолдау қызметі – студенттер көмекке жүгінетін, дипломы бар психологтар, олар студенттерге қиындыққа тап болған жағдайда консультация береді. Барлық кездесулер жеке және құпия болып табылады.
- NUFYP Студенттік кеңесі оқу жылы ішінде академиялық және мәдени іс-шаралар бойынша қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің арасында қарым-қатынасты орнатуға көмек көрсетеді.

# «Жеке тьютор» дегеніміз кім?

---

Жеке тьюторлар NUFYP бағдарламасында студентті оқыту процесінде маңызды рөл атқарады.

- Өрбір студентке жеке тьютор тағайындалады, сондай-ақ тьютор «Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі» курсының оқытушысы болып табылады. Тьютор студентке аптасына үш рет сабақ өткізеді және студенттің академиялық үлгерімі және/немесе қандай да бір жеке проблемалары туралы хабардар болады.
- Тьюторлармен жеке кездесулер әр апта сайын 15-20 минут өткізіледі, мұнда студенттер әртүрлі мәселелерді қояды және талқылайды.
- Тьютормен тұрақты кездесулер университетте студенттердің академиялық және элеуметтік бейімделуіне жәрдемдеседі.
- Тьюторлар студенттердің академиялық жұмысы бойынша түсініктемелер мен ұсынымдар береді; негізгі кезеңдерді түсіндіреді және жұмысты қалай жақсарту керектігі жайлы кеңес береді.
- Тьюторлар жалпы студенттердің академиялық үлгерімін талқылайды және оларға Университетте оқу кезінде әртүрлі мәселелерді шешуге көмектеседі.
- Тьюторлар студенттердің барлық (академиялық немесе жеке) проблемаларын кейіннен шешу үшін Рейчел Никласқа жіберетін жүйені қамтамасыз етеді.

# NUFYP студенттерінің стресс жағдайының ең көп тараған себептері

---

- Әртүрлі оқыту әдістеріне және түрлі мәдениет иелері болып табылатын оқытушыларға бейімделу.
- Студенттер білімінің жоғары деңгейі, жоғары деңгейдегі бәсекелестік.
- Барлық оқу пәндері ағылшын тілінде оқытылады.
- Жұмыс уақытын өз бетінше ұйымдастыру дағдыларының болмауы (әсіресе емтихан кезінде).
- Отбасы тарапынан күтілетін нәтижелердің жоғарылығы және қысым жасалуы.
- Жаңа достармен қарым-қатынастар, романтикалық қарым-қатынастар.
- Жаңа қалаға көшу, басқа климат.
- Жатақханада тұру, бөлмедегі көршілерімен қарым-қатынас орнату.
- Ақша қаражатын өз бетінше бақылау.
- Отбасы мен достарын сағыну.
- Дұрыс тамақтану мен дұрыс ұйықтау тәртібін бақылау.

- Жатақханада тұрмайтын студенттердің Университетке баратын жолдың ұзақтығына, сондай-ақ студенттік өмірге аз араласуына байланысты қиындықтарға тап болуы мүмкін.

## Ата-аналар не істей алады?

---

- Балалармен бейімделу мәселелерін олардың NUFYP-ке оқуға келуіне дейін талқылаңыз (2-бет).
- Қайшылықтарды болдырмау және дұрыс қарым-қатынас орнату стратегиясын әзірлеңіз.
- Балаңыздың таңдап алған мамандығы бойынша оқуы үшін оның мықты жақтары мен қызығушылығын анықтаңыз.
- Балаңызға НУ-дың клубтары мен қауымдастықтарына қатысуына көмектесіңіз.
- Балаңыз НУ-да оқып жүргенде ол шеше алмайтын отбасы проблемаларын оған шамадан тыс жүктемеңіз. Бұл өте үлкен стресс факторы ретінде болуы мүмкін.
- Тәуелсіз және жауапты болуға көмектесетін қасиеттер мен дағдылар туралы талқылаңыз.
- Өз балаңызбен қатынасу уақытын реттеңіз (өте көп те емес, тым аз да емес). Оқу жылының басында бір-біріне қаншалықты хат жазу/қоңырау шалу жайлы келісіп алыңыздар.
- Дұрыс тамақтану және дұрыс ұйықтау ережелері туралы әңгімелесіңіздер.
- Оқуын әрі қарай жалғастыру үшін мамандықты таңдау кезінде балаңыздың мықты жақтары мен қызығушылықтарын анықтауға көмектесіңіз.
- Академиялық жетістіктерге қатысты өзіңіздің күтулеріңізді реттеңіз. НУ-дағы бәсекелестік деңгейі мектепке қарағанда едәуір жоғары, көптеген студенттердің академиялық үлгерімі өте жоғары деңгейде.
- Соңғысы, бірақ маңыздылығы жағынан кем емесі, бұл – балаңызға қолдау көрсетіңіз! Оқу барысында балаңыздың көңіл-күйі қалыпты екенін ескеріңіз, әрдайым оның жанында және оған қолдау көрсетуге дайын екендігіңізді білдіріңіз.
- Академиялық күнтізбені мұқият тексеріп, балаңыздың NUFYP-те болуы тиіс уақытта үйде бос жүрмеуін қадағалаңыз.



# Алдын ала хабардар етуіңіз қажет!

---

Егер балаңыздың оқи алмауына, көру/есту қабілетіне, тілдің мүкісіне, еңбекке қабілетсіздігіне байланысты проблемалар, медициналық айғақтар бойынша және кез келген басқа да проблемалар туындаса, бұл туралы міндетті түрде сабақтар басталмай тұрып, NUFYP-ке хабардар ету өте маңызды!

- Жоғарыда аталған хабарландыру НУ Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына оқуға қабылдау рәсіміне немесе жалпы бағаларға әсер етпейді.
- Осы проблемаларды айту өте маңызды, өйткені балаңыздың NUFYP-те оқуы кезінде оның жағдайының жақсы екеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді.
- Рейчел Никласпен **Rachel.niklas@nu.edu.kz** электрондық адресі арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.